

Басқұдық ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 22 шілдедегі № 317 "Басқұдық ауылдық округі әкімінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы Басқұдық ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 19 шілдедегі № 445 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 тамызда № 3137 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы", 2013 жылғы 21 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" заңдарына сәйкес, Басқұдық ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Басқұдық ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 22 шілдедегі №317 "Басқұдық ауылдық округі әкімінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2487 болып тіркелген , 2014 жылғы 26 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2014 жылғы 29 тамыздағы №50 "Мұнайлы" газетінде жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы", 2013 жылғы 21 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі " Құқықтық актілер туралы" заңдарына сәйкес, Басқұдық ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. "Басқұдық ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маман-заңгеріне(Ж.Алишбаев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК